

# Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын!

Қазауысты ҚАЗЫБЕК: Сөздің атасы – бірлік, анасы – шындық

# ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН



1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады  
БЕЙСЕНБІ,  
15 ЖЕЛТОҚСАН, 2022 ЖЫЛ №140 (23 170)

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

@E-mail: info@ortalyq.kz

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

## Құрметті, Қарағанды облысының тұрғындары!

Сіздерді мемлекеттік мереке – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан даму мен қалыптасудың жауапты жолынан өтті. Халқымыздың басты байлығы – бірлік. Тұрақты экономикалық даму, ішкі және сыртқы саясаттағы парасатты ұстаным, жаңа озық технологиялар мен заманауи инновацияларды енгізу елдің және халық қоғамның дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Еліміз ұстанған көпекторлы саясат пен халық бірлігі жаңа инвестициялар тартуға негіз болады. Осы жылдар ішінде Қазақстан шекараларын делимитациялады. Бүгінде еліміздің

көріні мемлекеттермен аумақтық дауы жоқ.

Дәстүр мен мәдениетті, бірегейлікті сақтай отырып, еліміз ата-бабаларымыздың дамыған, болашаққа сеніммен қарай алатын, іргесі берік мемлекет туралы ұлы арманын жүзеге асыруда. Еліміздің өркендеуіне қарағандылықтар да өз үлесін қосып келеді.

Құрметті әсерлерестер!  
Сіздерді осынау ұлық мереке – Тәуелсіздік күнімен құттықтай отырып, зор денсаулық, бақыт және амандық тілейміз!

Е.БӨЛЕКПАЕВ,  
Қарағанды облысының әкімі  
С.ӨТЕШОВ,  
облыстық мәслихаттың хатшысы

## Президент облыс әкімін қабылдады

Президент Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаевты қабылдады. Ол Мемлекет басшысына аймақтың биылғы ІІ айдағы негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері жөнінде есеп берді.



Мемлекет басшысына өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы өндірісінің қарқыны туралы баяндалды. Облыс әкімінің мәліметінше, өнеркәсіптің барлық саласында оң үрдіс байқалады. Атап айтқанда, бұл сала 6 пайызға өскен.

Кездесу барысында аймақтың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының, оның ішінде жылу және сумен қамтамасыз ету жүйесінің жағдайына айрықша назар аударылды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев облысты одан әрі дамыту және халықтың әл-ауқатын арттыру жұмыстарын жалғастыруды тапсырды.

akorda.kz

## • ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРТУЫ

# Шаруаның тәуірі – шина жасау

Бір дәуірде Сарандағы резина-техникалық бұйымдар зауыты дүрлідеп тұрды. Әйтсе де, балапан басына, тұрымтай тұсына кеткен тоқырауда бұл өндіріс те шашылып қалды. Тәуелсіздік игілігі дерміз, кейінгі жылдары ел билігі Сараның сол дақты дәуренін қайтаруға білек сыбана кірісті.

Индустриялық алаң құрылып, бірнеше кәсіпорынның қазығы қағылды. Қазір жұмысын бастап кеткендері де бар. Мәселен, екі жыл бұрын QazTehna машина жасау зауыты іске қосылды. Ал, KamaTyresKZ зауытының сейсенбі күні конвейерден түскен алғашқы шинасын береке-құттың қадасы деп таныдық. Өрге ұмтылған даму дөңгелегіне баладық.

Кәсіпорын Қоян жылының жазында толық қуатына шығуы тиіс. Жылына 3,5 миллион шина өндіруге қауқарлы.



Нұрқанат ҚАНАПИЯ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

«KamaTyresKZ» ЖШС – Қазақстан-Ресей әріптестігінің жемісі. Яғни, татарстандық «Татнефть» пен қазақстандық «AllurTyres» компанияларының ортақ алаңы.

Жобаға 171 млрд. теңге инвестиция тартылды. Былтыр сәуір айында зауыттың іргетасы қаланды. Небары 16 ай ішінде бой көтерді. Мамандар рекордтық мерзімде тұрғызылғанын айтып, таңдай қағуда.

Алғашқы өнім алу салтанатына Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр, Татарстан Президенті Рустам Минниханов, облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, «Татнефть» ЖАҚ бас директоры Наиль

Маганов және «Allur» компаниясы директорылар кеңесінің төрағасы Андрей Лаврентьев қатысты.

Роман Склярдың айтуынша, Сарандағы зауытқа дейін де Татарстанмен біріккен бірнеше жоба жолға қойылды. Және аталған өндірістер отандық автоөнеркәсіпке демеу болуымен қатар, өңірлердің әлеуметтік-экономикалық ахуалына да оң ықпал етуде.

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Татарстанмен ынтымақтастықты нығайтуға ерекше мән береді. Он жеті жыл бұрын Көкшетауда «КамАЗ» зауыты тұрғызылды. Қостанайда автобөлшектер жасау кәсіпорны салынуда. Бүгін, міне, шина зауыты. Бұл жобалар өнеркәсіпті дамытуда да, монокалаларды өркендетуде де

маңызды. Саран қаласының мыңнан астам тұрғыны жұмыспен қамтылады. Сонымен қатар, зауыт автомобиль өнеркәсібінің де, тұрғындардың да сұранысын қанағаттандырады. Өнім көлік құрастыруда пайдаланылады. Нәтижесінде, отандық үлесті арттырамыз, – деді Роман Васильевич.

Еліміздің әр тарабында Президент тапсырмасы аясында қанат қаққан жобалар баршылық. Бұл тұрғыда шетелдік инвестициялар маңызды рольге ие. Мемлекет басшысы инвестиция есебінен жергілікті өнеркәсіпті аяғына қаз тұрғызып, импортты алмастыруды көздейді. Сайлауалды бағдарламасында да «Елдің өңдеу өнеркәсібінің өсу қарқыны күшейеді. Ел ішінде тиімді индустриялық

тізбек құру жұмысы қолға алынады. Мұнда бірте-бірте неғұрлым терең өңделген өнімдер шығарылады» деп, нақты мұқабасын көрсеткен еді. Өз сөзінде Рустам Нұрғалиұлы да Қазақстан билігінің қолдауын жоғары бағалады.

– Өздеріңіз көріп тұрғандай, қысқа мерзімде зауыт құрылысы тамамдалды. Айтарым, зауыт – біздің бірлесуімізбен жасалған алғашқы бөлігі ғана. Алдағы жоспарымызда инженерлік-техникалық бұйымдар мен ірі габаритті шиналар кәсіпорнын ашу ісі тұр. Бұл жетістікке Қазақстандағы қолайлы инвестициялық ахуалдың, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жан-жақты қолдауының арқасында қол жеткіздік, – деді Татарстан Президенті.

➔ 2-бетте

## • ДЕНСАУЛЫҚ

# Жүрекке шипа сыйлаған

Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

14 жасар Милана Косибаева жүрек ақауымен туған. Анасы Оксана Косибаеваның айтуынша, екі жасында алғашқы ота жасалыпты. Алайда, соңғы бес жылда Миланың жағдайы күн санап нашарлай беріпті. Анасы қорқыса да осы қиын операцияға келіседі.

– Милана көз алдымызда семіп бара жатты. 100 метр де жүре алмай, алқынып, дем жетпей қалатын. Тәбеті жоқ, судан басқа ештеңе ішпейді. Түрі көкпенбек. Қазір ғой, міне, бетіне қан жүргені, – деген Оксана қызын құшағына тартты. – Әрине, қорқыныш болды. Операцияның оңай болмайтынын дәрігерлер бірден айтты.

Қаладағы №2 көпбейінді ауруханасының балалар кардиологиясы бөлімінің менгерушісі Жанат Болатбекұлы Миланың жүрегінде екі бөлек ауру, екі диагноз болғанын айтады.

– Науқаста туа біткен жүрек ақауынан бөлек, атриовентрикулярлы септалды ақау мен тетрада Фалло болған. Жасалған Фонтен операциясы кезінде жүректің істемей қалған бір бөлігін толығымен жауып, оған келетін қантамырды өкпе арқылы өтетіндей еттік. Мұндай ота түрі Астана мен Алматы қалаларында жасалады. Қарағандыда алғаш рет жасалып тұр. Медициналық сақтандыру аясында тегін екенін де айтқым келеді, – дейді Жанат Болатбекұлы.

Оксана Косибаеваға да Астанада немесе осында ота жасау мүмкіндігі ұсынылыпты. Оның таңдауы қарағандылық дәрігерлерге түскен.

– Біз басында Жанат Болатбекұлына қабылдауға келдік. Ол барлығын түсіндірді. Тіпті сараптама-лардан кейін 9 қарашада операция жасалды. Қызым қазір тәуір болып келеді. Дренажды алып тастағаннан кейін үйге, Балқашқа қайтамыз, – дейді Миланың анасы.

– Енді алаңдауға негіз жоқ, – дейді дәрігер. – Милана мұнда түскенде сатурациясы 45% еді, қазір 100-ге жетті. Тәбеті ашылды. Бірақ, аймақтарда мұндай науқастарға тиісті бақылау жасай алмайды. Сондықтан, ол біздің бақылауымызда болады.

Отаның тағы бір ерекшелігі – оның жиі кездеспейтіндігінде. Жанат Болатбекұлының айтуынша, Фонтен операциясы бұрын Түркия, Ресей немесе Корея сияқты шет елдерде жасалатын еді. Қазір оны жасау өзіміздің мамандардың да қолынан келеді. Жанат Болатбекұлы – балаларға осындай қиын операциялар жасай алатын облыстағы жалғыз маман. Оның болжамы бойынша алдағы 5-6 жылда Фонтен операциясын қажет ететін тағы 5-6 бала болуы мүмкін.

Миланың бүгінгі жағдайы жақсы. Дегенмен, болашақта жүрек ауыстыру қажет болады. Елімізде балалар трансплантациясы болмағандықтан, Миланың 18 жасқа толғаны күтеді. Өзірге Милана сыныптастарын сағынғанын, сабағына қайта баратынын айтады. Ол болашақта судья болғысы келеді екен.

## • СҮЙІНШІ!

Ауыр атлетикадан Колумбия астанасы Боготада өтіп жатқан әлем чемпионатында жерлесіміз Артем Антропов жүздеген оралды. 102 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде ерлер арасында сынға түскен спортшы жүлде көтеру сайысы бойынша кіші алтын медальді жеңіп алды.

Аталмыш чемпионатта спортшылар ерлер арасында 102 келіге дейін және әйелдер арасында 76 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде бақ сынады.

## Антропов – әлем чемпионы!



Жерлесіміз өз салмағында жүлде көтеруден 222 келіні көтеріп, чемпионаттың кіші алтын жүлдесін иеленді. Алайда, ол серпе көтеруде тек 163 келіні ғана бағындырды. Қоссайыс нәтижесі бойынша жерлесіміз VI орынға табан тіреді.

Осы салмақ дәрежесінде Катар спортшысы қоссайыс нәтижесі бойынша 391 (174+217) келіні басынан асырып, Әлем чемпионы атанды. Ал, күміс жүлдені 390 (177+213) келіні көтерген Иран спортшысы Реза Дефар жеңіп алды. Қола жүлде 389 (175+214) келіні бағындырған армяниялық Самвел Гаспарянға бұйырды.

Өз тілшімізден





**ПАРЫЗ-2022**

Астанада бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі жыл сайынғы республикалық «Парыз» байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. ЭКСПО Конгресс орталығында өткен шараға Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, республиканың орталық мемлекеттік органдары мен кәсіпорындарының басшылары қатысты. Байқау еліміздің тұңғыш Президентінің бастамасымен 2008 жылдан бері өткізіліп келеді. Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 523 Жарлығымен «Парыз» бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бойынша конкурс өткізу ережесі бекітілді. Ол халықтың әл-ауқатын одан әрі жақсарту мақсатында жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қоғам алдындағы корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруға және арттыруға бағытталған.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен болған салтанатты марапаттау рәсімінде «Медная компания Коунрад» ЖШС-і мен оның директоры Павел Тимофеевич Семенченкоға шағын және орта бизнес субъектілері арасында «Парыз-2022» конкурсының «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын» номинациясы бойынша I орын жүлдесі табысталды. Аталған номинация жүлдесін – Мемлекет басшысының қолы қойылған Диплом мен «Парыз-2022» Алтын сувенир статуеткасын Павел Тимофеевич Семенченкоға түрде табыс еткен ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрі Тамара Дүйсенова.

# Парызын адал атқарған

Биыл конкурсқа қатысуға 479 ұйымнан сұраныс түскен, соның ішінде 301 субъект шағын және орта бизнестікі. «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын» номинациясына 238 сұраныс түскен.

Бұл номинацияда өз кадрларын қолдауға, мүгедектерді әлеуметтік бейімдеуге және бүкіл қоғамның әл-ауқатын арттыруға бағытталған

«Казна» ЖШС-мен қатар «Коунрад» Корпоративтік Қоры арқылы қайырымдылық көмекті жүзеге асырады. Бұл Қорды 2017 жылы аталған компаниялар Қоңырат шағын ауданы мен Балқаш қаласындағы қоғамның неғұрлым әлжуаз және мұқтаж өкілдеріне денсаулық сақтау және білім беру салаларындағы қызметтерді қаржыландыру

лығы» ҚММ-не 23 806 710 теңге сомасына жабдыктар сатып алуына.

– Қоңырат шағын ауданында 1 396 363 теңге сомасына екі аялдама кешені абаттандырылды.

– Балқаш қаласынан 5 студент-медиктің оқуын қаржыландыру жөніндегі облыстық денсаулық сақтау басқармасының бастамасы-



әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асырушы ізденушілердің қызметтері қарастырылады.

Конкурста Компанияның қатысуымен жүзеге асырылған келесідей жобалар атап өтілді: «Мүмкіндігі шектеулі балаларды дамыту және әлеуметтік бейімдеу орталығын» қаржыландыру, Балқаш қаласының орталық ауруханасына ПТР зертханалар сатып алу және орнату, сондай-ақ жана Жедел медициналық жәрдем автомашинасын сыйға тарту.

Еске сала кетейік, «Медная компания Коунрад» ЖШС-і «Сары

шұн құрды.

2017 жыл мен 2021 жылдар аралығында «Коунрад» Корпоративтік Қоры қайырымдылық мақсатындағы демеушілік қызметке барлығы 283 671 161,62 теңге жұмсады. 2022 жылы (желтоқсан айына дейін) – 58 030 407,85 теңге.

2022 жылы келесідей қайырымдылық көмектер көрсетілді:

– Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Қарағанды облысы Балқаш қаласының мүгедектігі бар балаларға арналған оңалту орта-

на қолдау білдірді. Студенттер университеттегі оқуларын аяқтағанша демеушілік жалғасады (6 жыл). Оқудың 1 жылы үшін 2 667 500 теңге төленді. Бұл бастаманы келесі жылда да қолдау жоспарлануда.

– Қыркүйек айының ортасында 5 адамнан тұратын аз қамтылған отбасының үйін абаттандыру жұмыстары басталды. Қараша айының соңында жоба аяқталды, оған 10 миллион теңгеден аса қаржы жұмсалды.

– Жыл бойы көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға балаларын мектепке даярлау үшін көмек

көрсетілді, зейнеткерлер мен ардагерлерге азық-түлік жиынтықтары таратылды, жергілікті тұрғындардың тексерілуіне және емделуіне қаржы бөлінді. Осы өтініштер бойынша жұмсалған жалпы сома – 13 314 709 теңге.

Бұлардан бөлек Корпоративтік Қор «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ірі жобаларды жүзеге асырды:

– 2017 және 2018 жылдары қаланың орталығында және Қоңырат шағын ауданында балалардың спорттық ойын алаңдарын салды (53,5 млн. теңге).

– 2019 жылы мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған «Үлкен жүрек» орталығының тұрғынжайына реконструкция жасалып, жаратандырылды. 2019 жылы жазда орталықтың тәрбиеленушілеріне арналған мамандандырылған балалар ойын алаңы орнатылды (50 млн. теңге).

– 2020 жылы өмірлік қиын жағдайға душар болған жандарға арналған «Шаңырақ» жанұя орталығына реконструкция жасалып, толықтай жабдыктармен және техникамен жаратандырылды (дағдарыс орталығы, 30 млн. теңге).

– 2021 жылы Балқаш мүгедектер қоғамының тұрғынжайына күрделі жөндеу жұмыстары жасалды (10 млн. теңге).

– 2021 жылдың ішінде Балқаш қаласының Орталық ауруханасына көмек көрсетілді: ПТР зертхана сатып алынып, орнатылды, дизельді генератор орнатылды, жедел жәрдем автомашинасы сатып алынды (барлығы 60 млн. теңге).

Келесі жылы Корпоративтік Қор медицина саласында абитуриенттердің гранттарын қаржыландыру бастамасын жалғастыруды, Балқаш пен Қоңырат шағын ауданындағы денсаулық сақтау және білім беру деңгейін жақсартуға қаржы салуды жоғарылап отыр.

**«Медная компания Коунрад» ЖШС баспасөз қызметі**  
№318

**• ЖЫР-ТҰМАР**

## Тәуелсіздік жыры



*Егемендік!  
Тәуелсіздік – тірегім!  
Азаттық деп толғанады  
жүрегім.  
Қайрат, Ләззат,  
Сәбира мен Ерболдың,  
Ерлігімен келген бақ  
деп білемін!*

*Бостандықты мәңгі  
жырла дүр елім,  
Көк туымды ұстап  
талсын білегің.  
Мамыражай бейбіт  
ғұмыр сүргенім:  
16 желтоқсан  
деп білемін!*

*Әр қазағым қажыр беріп,  
тер төккен,  
Теңдігімің талбесігін  
тербеткен.  
Ұлан-ғайыр даламыздай  
қастерлі,  
Тәуелсіздік киелі едің  
сен неткен!..*

**Назгул Бейсембекова,  
Кеншоқы ауылдық  
кітапханасының  
кітапханашысы**  
№878

**• БІЗДІҢ СҰХБАТ**

– Сәкен мырза. Тәуелсіздік сөзінің астарында тәуекел, тауқымет, ерлік ұғымдарының тұнып тұрғаны ойлы жанды сөзге итермелейтіні кәдік...

– Тұспалыңыз дөп. Қасірет пен қасиеті астасқан тарих күн екендігін ел сезінеді. Бұл күнді атойлап, Республика күніндей сән-салтанатын келістіріп өткізу қиындау. Мәдениеттанушы ретінде айтып өтейін, өзге мемлекеттерде де мұндай сипаттағы ұлт мерекелері бар. Мәселен, Израиль. Қай күн екені нақты есімде жоқ. Иом-Кипур күні ғой деймін. Жыл сайын олардың қоғамдық көліктері, ұшақтары тапжылмай тұратын қасиетті күн бар. Қаралы күн емес. Қасиетті күн дейді өздері. Теледидар экранындағы сауық-сайранға толы бағдарламаларын доғаратын тәртіптері бар. Музыка да, радио да ойнамайды, тоқтатады. Барлық дүкендер мен кәсіпорындар жабық күйінде қалады. Себебі олар қаһармандарын еске алады. Тағзым етеді. Дана халқымызда «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деген сөз бар. Шынығына келгенде, ислам мәдениетіндегі «өліге тиетіні тек Құран және Құран» деп кеттік емес пе? Ал өркеніетті, саналы халықтың бір міндеті қаһармандарын ешқашан ұмытпау. Ұлықтау. Көріңіз бе?!

– Демек, сөздің ләмі идеология келіп тірелетін сынайлы ғой...

– Мемлекет бар жерде, идеология бар. Бұл – аксиома. Идеологиясы жоқ мемлекет мазмұны жоқ қалып тәрізді. Философиялық тұрғыдан қарастырып көрсек. Желтоқсан тәуелсіздікке жасалған қадам деп жатамыз. Анығында «қазақты қазақ басқарсын» деген табиғи талап ол. Сол кездегі көктен түсірілген «десант» басшы Колбинге қарсылық қой. Ашығына келсек. Ертең тарих бәрін қанжыраған артық айғақтай түседі. Сонда қайтпекпіз? Осындай олықтықтардың орнын есте-есте толықтырып жүргеніміз абзал. Ұрпақ сабақтастығы жедел



Сәкен АРАЛБАЙ:

# Бостандық: мән мен мазмұн

**Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында егемен елдің ендігі бағдары қандай болған жөн? Зиялы азаматтар не дейді? Ой-ансарлары қандай? Біздің сауалдарымызға мәдениеттану ғылымдарының Phd докторы, философ Сәкен Меңдуллаұлы жауап берді. Таразы басын теңестіре салмақты ой-пікірлерін ой елегінен өткізіп көріңіз, оқырман.**

Тәлімгерлерімізден «Сіз үшін ең басты құндылық не?» деген сауалымызға олардың 70%-ы не дегенін білесіз бе? «Отбасым. Әке-шешем». Болды. Бұл – қоғамымызда идеологияның әлсіздігінің көрсеткіші. Тәуелсіздік бізге қалай келді? Тау етер қазынамыз екендігін ешбірі есіне де алмайды. Егемендік бірінші орында емес. Осындайда хәкім Абайдың «Еріксіз түскен ылдандан, еркімен шығар артық. Еріксіз сүрген өмірден, көсіліп жатқан көр артық» дегені еске түседі. Мемлекетіміз еркіндіктің қадір-қасиетін сезіндіре алатындай қарышты қадамдарға баруы ләзім. Жақсы. Тереңірек толғайық. Қазір біз бір-бірімізге неге риясыз сене алмаймыз? Біз бір-бірімізге сенбейміз. Себебі – мемлекетке сенбейміз. Қараңызшы. Қандай гәп жатыр мұнда. Ақселені айтсақ та жетіп жатыр. «Біз жастарға білім беріп жатырмыз. Бірақ берген білімімізде де ешқандай мазмұн жоқ». Байырғы бабаларымызға қайырылып қарасақ, олар берген бір уәдесімен ғана дүниенің түйінін шешіп кеткен ғой. Қазір шешендіктеріміз уағда атаулысының күніне тұрмақ, сағатына мыңын жаудырады. Ақыр-соңы нөлге кеп тіреледі. Бұған таңқалмайтын да болдық. Әкесі баласына уәде бере

алмайды. Кешегі бабаларымыздың жалғыз серті талайлардың тағдырын шешкен. Қазір серт бермейміз. Себебі – сенбейміз!

**– Әлеумет біреуге қарап бой түзеуі қажет дейсіз ғой...**

– Иә. Веберше айтсақ, идеалды типтеріміз қат. Мысалы, Жапонияның императорын алайық. Ол мемлекетін жарылқамауы мүмкін. Бірақ ол басынан бақайшағына дейін жапонның болмысын сақтауды мұрат етеді. Сонысымен еліне кепіл болып тұр. Кепіл – сенім. Қазіргі ақсақалдарымыз бен апаларымызға қараңызшы. Ақсақалымыз бөрік киіп, аналарымыз кімешек киісе, баяғы үлкендердің болмысын берген болар еді ғой. Алайда, өзінгі ақсақалдан болмыс іздеу қиын. Ішкі мазмұн жоқ. Император сол өзіне жүктелген болмысты сақтауға міндетті. Сақтайды да. Оның қызы қарадан шыққан жігітке тұрмысқа шығып көрсін. Ол императорлығынан ада-құде қоптасады. Міне, бостандық та осы сынды сынбайтын мәңгілік мұра! Бабалар аманаты. Олардың бүгінге жеткен рух демі!

**– Енді қайтпек керек?**

– Қазақы құндылықтар қағидатын берік орнату маңызды.

Біз әлі үлкенді құрметтейміз, сыйлаймыз. Ақсақалымыз ақылмен асып тұрмаса да, оның жасына қарап ізет етеміз.

**– Керемет. Жаңа Қазақстанды құру үшін демек...**

– Ғылым үстемдік құру керек. Кейбір ғалымдарымыз заманымыздан жүз жылға өте туған. Жаңа Қазақстанды ғылымсыз елестету қиын. Еркіндіксіз ғылым тұл. Саясаты ашық елдің ғылымы да терең, көзжиегі де кең. Саясат демекші, бұл мәселені алғаш гректер сөз еткен. Саясатпен айналысатындарды олар «политикос» деп атаған. Ал, саясатпен шаруасы жоқтарды олар «идиотикос» дей салған көрінеді. Саясатқа мән бермеген самарқаулар елі болмасы үшін сергек жүрген пайдалы. Бұл – шешуші фактор. Дамыған мемлекеттің сегіз жасар баласы саяси көзқарасын еркін білдіре алады. Біз ше?! Не мақтаймыз, не даттаймыз. Фейсбуктегі қоғам екіге жарылды. Саналы сарабал зиялы пікір жоқтың қасы. Зиялы қауым өзінің міндетін ұмытып кеткендей көрінеді маған. Қазір бұқара үшін тренинг өткізіп кетті ғой. Диагноз дұрыс емес. Еуропа билігі Маркстің «Капиталы» оқығанда қатты қаймыққан. Зиялылар халыққа емес билікке тренинг өткізу керек қой. Сонда олар елге де сыйлы болады. Ел де ереді соңынан! Зиялылар билікті баласындай тәрбиелеп, бақылауда ұстауы қажет. Сонда дүниенің түйіні де өздігінен шешіле жатады.

**– Сөз соңында оқырмандарға жеткізер тілегіңіз.**

– Қазір әлеуметтік желіде ақылшылар тым көбейіп кетті. Бірақ, көбісі шолоқ ойларымен тығырыққа тіреліп қалатынына да куә болып жүрміз. Болғанымыздай көрініп, көрінгеніміздей болайық, ағайын! Тәуелсіздік күнінің қадір-қасиетіне жете білейік. Көп оқып, көп толғанайық!

Сұхбаттасқан  
**Ерканат КЕЧЕСБЕКҰЛЫ,**  
«Ortalıq Qazaqstan»







Дидар АМАНТАЙ,  
жазушы

# Ерлан Төлеутайдың әңгімесі

(эссе)

ұғым-түсінігі бойынша қойылатын бар сауалға жауабы даяр.

Ерлан бірде бір тамаша әңгіме жазды. Атауы да жақсы: «Иманжүсіптің әні». Классикалық сюжет, бастауы да, күрмеуі де – классика-

қыпты.

Шаруасына мығым, жүктеген міндетіне жауапкер.

Ерланның шырақ салған алып әнінде ғана емес, толғап жазған әңгімесінде де музыка бар. Ол –

ты ұқсағанымен өңі қара-қоңыр. Ештемемен ісі жоқтай, томсарайған күйі екі көзін бір нүктеден айырмай, шетте үн-түссіз тұр. Әу бастан сөзге жоқ адам тәрізді.

– Балаңыздың сүйегі тым ұсақ

тып, сүріндіріп, кекетіп-мұқатып, жарқырап, даурығып отырғанда, жас жігіт пен қария ақсақал Иманжүсіп тағдырын кешіп, дауыстары жарықшақтанып, тарғылданып, екі көзіне жас алады.

Әңгіменің ұзын-ырғасы – осы. Жорғаның жүрісі тәрізді. Соғына тез жетесің. Жалпы, Ерлан-ның жазғандары модернистік әдіс-тәсілдерсіз-ақ жақсы оқылады. Жазуында мін жоқ, айтқанында кем жоқ.

Ол – табиғатынан жазушы. Тума талант.

Менің ойымша, «Иманжүсіптің әні» – сөз жоқ, қазақ әдебиетінің табысы. Автордың Алаш өнеріне қосқан көп үлесінің бірі.

Бұл әңгімені қазақтың классикалық әңгімесі тұрғысында бағалаймын: «Торыарғымақ бәйгеден қара үзіп келеді. Енді шамалы сәтте көмбеден ұрандап өтем. Апырым-ай бағана сұрап алсамшы. Мәреден өтерде кім деп ұрандаймын? Соған да бас ауырттып... «Иманжүсіп, Иманжүсіп батыр!» деп қиқулап өте шықпаймын ба? Сансыз оялар жан-жақтан қаумалап, алуан-алуан сезімдер санамды шабақтаған сорлы басым артыма бұрылып, соңымдағы аттарға ақырғы рет қарағым келіп кетті.

Торыарғымақ самғай шауып келе жатты. Қарақшыға дейін бір-екі шақырымдай ғана жер қалып еді. Оң аяғымды таралғыға шірей, бір қолыммен ердің алдыңғы қасынан ұстап, ердің оң қапталына қарай сәл жантая, сол қолымды ердің артқы қасына тірей таяныш етіп, артыма бұрылып қарай бергенім сол еді. Жұлын үзердей жұлқып жіберген сұмдық сокқы алдымен ердің алдыңғы қасына апарып ұрды да, ат үстінен тымақша ұшырды. Сол ұшқаннан есік пен төрдей жерге барып бүрк ете бастадым. Басым әлденеше рет домалап кеттім. Жалма-жан атып тұрып, атқа қарай жүгірдім. Бірақ аяғы құрғыр еркіме бағынбай, бір аяғым екінші аяғым шалынып, құлап түстім.

Бір тұрып, бір құлап қайта ұмтылдым. Зеңіп қалған басымды мың сан инелер шабақтап, қос құлағым зыңылдап, түк ести алар емеспін. Көз алдымды жапқан қызыл мұнар ештеңе көрсетер емес. Құлағымда Торыарғымақтың шыңғырған дауысы қалып қойғандай. Есім ауып қалғандықтан ба, ешнәрсе анық аңғара алар емеспін. Тәлтіркей жүгіріп келіп, Торыарғымақтың мойнынан құшақтай алғанымыз білем. Жануар басын соғып жатыр екен. Алдыңғы оң аяғы жіліншік тұстан үзіліп кетіпті. Сәл кейінде аттың аяғы кіріп кеткен сарышұнақтың ескі іні опырайып жатыр. Болған сұмдыққа көзім жеткендіктен бе, бақырып жылап жібердім.

Қолдан келер басқа дәрмен жоқ аттың басын құшақтап алып, еңіреп жылай бердім. Сәлден кейін қалған аттар басымыздан өте бастады. Тап мені табалағандай тура бұғалық тау-стар жерден қиқулап өте шығуда.

Бәйге қазылар алқасында отырған екі-үш сұңғыла бидің арқасында Иманжүсіп атына беріледі.

Кейін, өнер туралы көп әңгіме айтылатын қонақтың бірінде, дастарқан басында мен Ерлан Төлеутайдан сұрадым:

– Бұл туынды қиялдан туған көркем шығармаға ұқсамайды, детальдары тым анық, атмосферасы тым дәл, сол жас жігіт өзін емес пе?

– Өзім, – деді ол, – Иманжүсіптің рухына тағзым!

– Үстінен бір қарап, повеске айналдырып көрсек қайтеді, сұранып тұр.

– Алдымда көп жұмыс бар, мойнымда міндет көп, басқа арыстар жайлы да жазуым керек, енді бұл тақырыпқа орала алмайтын сияқтымын, – деді автор.



лық. Тілі жатық, сөз қоры мол, тілі құнарлы, ойы қуатты.

Бұл шығарманы бірнеше жыл ешқандай газет, журнал баспай қойды. Жарыққа бір шығып қалар деген үмітпен талай басылымның тартпаларында шаң басып жатты. Бір жарияланғанында, «ықшамдалып, жал-құйрығы күзепіп жарық көрді».

Әңгіме «отаршылдардан қорлық көрген Иманжүсіптің өзіндей талайсыз, баксыз шығармаға» айналды.

«Тағдыры тура Иманжүсіптің Торыарғымағындай болды, – деп жазды автордың өзі, – басыпадан шығарда пышаққа ілікті. Атағы Алатаудай ағаларыма іштей ренжім де, қойдым. Бірақ ренжігеннен не пайда?»

Бастысы, ұлт алдындағы өз парызына адал.

Ол – қазақ ұлты өнер-мәдениетінің қорғаны. Бірі де бірегейі. Қайда жүрсен де, дәстүрді қорғап шырылдап жүреді. Әдетте, телеарналарда жүріп жатқан бағдарламалардан шоу-бизнесі жақтаған көп дауысқа қарсы бір-ақ дауыс күркіреп естіледі: ол – Ерлан Төлеутайдың қазақ үшін жан алысы, жан берісіп жатқан шақтағы жан дауысы.

Әңгімесі – ұзақ. Ұмытпасам, отыз беттен асады. Бұл әңгіме – қазақтың дәстүрлі әңгімесінің жастар үйренуі тиіс, еліктеуі тиіс, түпнұсқа тұрғысында тануы тиіс үздік үлгісі.

Кіші жанрда жазылған үлкен туындыда асқан сабыр, байсалдылық, байыптылық бар. Кең сақара, бетпақ тұз, сайын дала көз алдына келеді – дүбірі, сарыны, дыбысы жаңғырып тұрады.

Асығыс, ойланбай-толғанбай келтірілген сөз, сөйлем жоқ. Бәрі өз орнында, дәйекті, деректі.

Өзі де, қаламы да – шыншыл. Кейде, Ерлан Төлеутай ақиқатты сүйген, арқалап өрге сүйреген ақиық ақын-жыраулар, ақ семсер сал-серпілер ғасырынан адасып, өтірікті шындай, шынды Құдай ұрғандай сөйлейтін жалтақ, жарамсақ дәуірге еніп кеткендей.

Бос сөз, бос сөйлем көрмейсіз. Әр жолы – көңіл бөліп қарап, зейін қойып тындап, зерде санаға оқып-тоқыған ізденісінің, зерттеулерінің нәтижесі. Бейнеттің арқасы. Бейнетпен жазылған мәтіннің тұқымы да ұзақ.

Ерлан ердің құнын, елдің бағасын біледі. Ән салғанда, әңгіме айтқанда бір фальш жібермейді, бүкіл әнді, бар әңгімені, әдетте, бір-ақ фальш құртады. Сондықтан, Ерлан сері – әрқашан сергек, сақ,

әннен, өнерден, дәстүрден жаратылған тұлға.

Әр сөзі өз орнын тауып, мәтін ішіндегі күллі сөйлемі бір-бірімен оңай, жеңіл қиысады, қиындасады, қабысады, астасады, жалғасады. Бір-біріне мінгесіп кетпейді, рет-ретімен, кезек-кезегімен тұрады, өйткені, тәртіп дегеніміздің өзі – мәдениет.

Ол, егер, қазақтың Ерлан Төлеутайы болып тұмағанда, Алаштың Затаевичі болып туар еді. Бәрібір, қазақ өнеріне келер еді.

Маңдайына жазғаны, пешенесіне бұйырғаны – киіз туырлықты қазаққа үздіксіз қызмет ету.

Әңгімеге оралайық. Сюжет желісі бойынша – Иманжүсіптің сәйгүлігімен бәйге шапқан, асарын асаған, жасарын жасаған әулие көкірек бір қарт аштық, көмбеске, асырәсілтеушілік, қуғын-сүргін, екінші дүниежүзілік қырғын, наубет, сойқандарға қарамай бір әнін жадында сақтап қалады. Қария өлім аузында жатып, бергінде ғана ұмытқан осы әнді ауылға кезелісөк келе қалған бір елгезек, танымайтын, санасында саңылауы, көкірегінде көзі бар жас жігітке тұтас жеткізуге тырысады. Бірақ, әл жоқ, есі кіресілі-шығасылы, талпынып, қуш-қайратын жұмсап, есіне бір шумғағын ғана түсіреді.

Бұл – Иманжүсіптің елден ауып бара жатқанда шығарған соңғы әні екен. Әңгіме өткен ғасырдың отыншы жылдары Иманжүсіптің елде бәйге шапқан думанды күндерге қарай ойысады.

Автор былай толғайды: «Иманжүсіп бізді оңаша алып шықты. Маған ұзақ сынай қарап тұрды. Бағанадан бері қалың жұртшылықтың арасынан анықтап көре алмаған едім. Байлап қараудың сәті енді түскендей. Жас шамасы алпыстан мол асып, жетпісті қушырып қалғанына қарамастан бағыныңқы батырындай еңселі, биік. Алып біткен соң тұлғасының бітімі ерекше. Аш арыстан кеуделі. Кең жазық маңдайлы. Қасқыр қабағының астына шүңіректене біткен көздері кісіге тік, шүйіле қарағанда өңменінен өтіп кетеді екен. Тік қыр мұрынды. Шалғысы ширатылған мұртына ақ кіріп, ұзынша селдір сакалы буырыл тартта бастаған. Үстіне жеңіл шапан, тік жаға, зерлі ақ көйлек киіпті. Басында пұшақ тақия. Беліне күміс кіселі жалпақ қайыс белбеу тартқан. Аяғында қисық табан әмірқан етік. Қолында сегіз тұтам сері қамшысы. Жанындағы бойы өзіне жетеқабыл жігіт баласы Дәулетхан болып шықты. Жасы отыздардың шамасында. Әкесіне қат-

## • КЕШ

### Дала классигінің дара жолы

Жансая СӨРСЕНБАЙҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жазушы Ғабиден Мұстафиннің шығармасын жас ұрпаққа насихаттау мақсатында Достық үйі арнайы «Дала классигі – Ғабиден Мұстафин» атты кеш өткізді.

Аталмыш басқосудың ерекшелігі Бұқар жырау аудандық тарихи-өлкетану мұражайы дайындаған көрме. Көрмеге Ғабиден Мұстафин атындағы кітапханада ашылған жазушы зальнан әкелінген өзі қолданған жеке заттары мен кітаптар топтастырылды.

Кеш қонақтары Е.Бекетов атындағы Қарағанды университетінің профессорлары Жансая Жарылғапов пен Айтбай Жұмағұлов Ғабиден Мұстафиннің шығармаларындағы «Заман бейнесі» – деген тақырыпта ойларын ортаға салды. Олар жас буынға Ғабиден Мұстафин мұрасынан біршама мысал келтіре отырып, жазушының өмірлік позициясын түсіндірді.

Ал, Ғабиден Мұстафин атындағы №83 мектеп оқушылары жазушының «Шығанақ» романынан көрініс көрсетті. Сонымен қатар, әл-Фараби атындағы №102 мектеп-гимназиясында білім алып жүрген өзге де ұлт өкілдерінің балалары Ғабиден Мұстафиннің қанатты сөздерін қазақ тілінде айтты.

## • ЫҚЫЛАС

### Азат елдің аспаны ашық

Азаттықтың әрбір атқан таңы – ғасырлар бойы күткен Алаш жұртының төгілген қаны мен аққан көз жасының, маңдай терінің өтеуі десек те, артық айтқандық емес. Тәуелсіздік жолында қаншама сұрапыл соғыстар, кек кернеген көтерілістер, шерлі шерулер болғандығы тарих тақтасында тұр. Өткен төлкінінің өлшеусіз еңбегі нәтижесінде Тәуелсіздікке көл жеткіздік.

1991 жыл – Тәуелсіз ел болған жыл. 30 жылдық мерзім ішінде тәуелсіз қазақ елі өзінің заманауи кескін-келбетін айқындап, ішкі мән-мазмұнын толықтыру жолында біршама жетістіктерге жетті. Ең бастысы – мемлекет ретінде аяққа нық тұрды. Саясат пен экономика, білім мен өнерді, медицина мен әлеуметтік салаларды әлемдік стандарттарға бейімдеуге күш салдық. Әлемдік өркениетке қол созып, дамыған елдердің үлгі-өнегесін алуға тырыстық. Нәтижесінде де жаман емес. Ата Заңымызға өзгерістер енгізіп, жаңа Президент сайланды. «Жаңа Қазақстан», «Әділетті Қазақстан» дейтін ұғымдар қалыптасты. Бұл – үлкен өзгеріске негіз болады. Жаңару болған жерде, әділдік салтанат құрған кезде мықты мемлекетке айналатынымыз сөзсіз.

Біздің қоғам да осы жолды таңдап, бағыт-бағдарын түзеуге бет алды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің Президентігі ант қабылдауында: «Мен бүгін көк Туды сүйіп, дана халқымыз алдында бас ийдім. Азаттық жолында құрбан болған бабалар рухына тағзым еттім. Еліміздің арман-мұратына өмір-бақи адал болуға серт бердім. Ешқашан адалдықтан аттамауға және ел мүддесіне қиянат жасамауға ант еттім. Ата Заңға қолымды қойып, оның әр сөзін мүлтіксіз орындаймын. Халқымыз алдындағы осы антты алдағы қызметіме де Мен үшін айнымас темірқазық болады», – деп ағынан жарылды.

Бұл – жаңа қоғамның үні. Жаңа Қазақстанның дауысы. Үкілі үміттің алдағы уақыттарда биіктерді бағындырар қанатты талпынысы.

Ендеше, Мемлекет басшысымен бірге Жаңа Қазақстан құруға атсалысайық.

Жанбы КАДИНА,  
Е.Бекетов атындағы  
Қарағанды университетінің  
қауымдастырылған профессоры





● ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕМИСІ

## Бюджеттің өскені – бақуаттылық белгісі

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Эволюцияға зейіннен гөрі революцияға бейім адамның жаратылысы – қызық. Аштықта жеген құйқаның дәмін ұмытпайтын елдің ұрпағы тоқтықта тәубесін тарс естен шығаратын боп жүр. Кешегі күстәнәлі – тарихта ежелден бар. Бірақ бір қызығы уақыт деген төре ерте ме, кеш пе, оның бәрін өзі реттейді. Ағын ақ деп, қарасын қара деп алып шығатыны тағы бар оның. Оған дейін қанша ғұмыр, өмірдің нешеме жылы керек? Ол жағы бізге беймәлім. Десек те, хомо сапиенс аталған соң дерек пен дәйекті таразыға тарта білу де парыз. Ақиқаттың қандай екенін айқын көру үшін. Жылына бір келетін Тәуелсіздік күні қарсаңында жыл сайын «Біз осы не тындырдық?» деген сұраққа жауап іздеп, шақшадай басты шарадай қыламыз. Әрненің етегіне, әр заттың шаужайына жармасып, тәуелсіздіктің шеңберіне әкеліп тыққымыз келіп тұрады. Әрине, бәрі де тәуелсіздіктің арқасы. Бүгін Қарағандыда автобуста қазақша еркін сөйлеп, қазақша күле алатынымыз да, тыныш ұйықтап, жұмысқа еріншексіз еркелеп, әрнен келетініміз де Тәуір берген тәуелсіздіктің арқасы. Айтылуы керек, әлбетте. Оның бәрі тыры еткізбейтін дерекпен шегелеп айтылса, тіпті, құба-құл.



Кешегісіз бүгін жоқ. Бүгінгісіз ертең тағы жоқ. Қарағандының кейінгі жылдары өрлеген экономикасын, тіктелген рухын жалаң сөзбен айтып ауызды ауырту – артық. Тек қана қоғамның жамандығын жинап-теріп үйренген басымыз жақсылықтарды саусақ арасынан сығалап та қарағымыз жоқ. Ендеше, деректер сөйлесін.

Қарағанды облысының экономикасы өскеніне дәлел жетерлік. Әлеуметінің әлеуеті жақсарғанына мысал көп. Соның бір дәлелі – жыл сайын бекітілетін бюджет. Мәселен, Қарағанды облысының тура осыдан 22 жыл бұрынғы бюджеті биылғы бюджеттен 100 есеге кем еді десек, сенесіз бе? Дәл солай, кем еді.

2000 жылы облыстық мәслихат бекіткен бюджеттің көлемі 13 млрд. 205 млн. 603 мың теңге. Бұл 1999 жылы 23 желтоқсандағы Қарағанды облыстық мәслихатының ІІ сессиясында бекітілген бюджет (2000 жылға арналған облыстық бюджет туралы Қарағанды облыстық мәслихатының ІІ сессиясының 1999 жылғы 23 желтоқсандағы №2 шешімі. Қарағанды облысының Әділет басқармасында 2000 жылғы 26 қаңтарда №53 тіркелді).

Бұл шешімнің І тармағында былай деп жазылған. «1. 2000 жылға арналған облыстық бюджет кірістері бойынша 13 205 603 мың теңге сомасында, ресми алынған трансфертер бойынша – 3 278 372 мың теңге, өтеулер бойынша – 832 967 мың теңге, шығыстар және кредиттеулер бойынша – 16 986 527 мың теңге. Бюджет профициті – 662 700 мың теңге, бюджет профицитін пайдалану (негізгі қарызды өтеу) – 130 415 мың теңге.

Қаржы жыл басындағы бюджет қаражатының еркін қалдықтарын пайдалану – 232 285 мың теңге».

Бұл – тоқыраудан кейінгі, инфляцияның бірнеше атасын көргеннен кейінгі ахуал. Содан бері не өзгерді дегенге келіейік енді. Жоғарыда айтқанымыздай, жылдық бюджеттің көлемі 100 есеге артыпты. Көрсеткіш пе? Көрсеткіш. Айғақ па? Ай-

ғақ. Мұның өзі бұл күнгі жағдайдың қандай деңгейде екенінен хабар береді.

Дәлірек айтсақ, былтырғы облыстық бюджеті жаңылмасқа, 134 млрд. теңге көлемінде еді. Сонда 2022-2025 жылдарға арналған үш жылдық бюджет 365 млрд. теңгені құрағаны ашық ресурстардағы деректерден мәлім. Ал, алдағы 2023-2026 жылға қарастырылған бюджет 400 млрд. теңге шамасында. Сонда өзінің өсімді есептей беруіңізге болады.

«Облыстық бюджетке түсімдер 430,4 млрд. теңге сомасында жоспарланған. Экономиканың нақты секторының сапалы және орнықты дамуын қамтамасыз етуді қолдауға, сондай-ақ бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға арналған қаражат шығыстардың жалпы көлемінің 21,8%-ын құрайды. Атап айтқанда, бұл агроөнеркәсіптік кешенді дамыту және арттыру, кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті қолдау, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту, өңірлік көлік инфрақұрылымын жаңғырту және цифрландыруды технологиялық жаңғырту үшін жағдай жасау», – деп атап өтті облыстық қаржы басқармасының басшысы Людмила Башарина («Орталық Қазақстан»). 10 желтоқсан 2022 жыл).

Осыдан соң, 22 жылға кейін шегініп, өткен мен бүгінгі таразы тасын салыстырғанда, осы күніміз таразы табағын төңкеріп тастайтыны анық. Бюджеттің неден құралатынын бұл арада ежіктеп жату – артық шығар. Оның басым үлесін – өңірдегі өндіріс, кәсіпорындардың салғы түзетінін жұртшылық жақсы біледі. Ал, мұның бәрі азаттықтың арқасы емес деуге кімнің дәті барады?!

Тәубесін ұмытпас үшін Аяз би шапанын төрге іліп қойса, біз 22 жыл бұрынғы бюджеттің дерегін алып шыққан жайымыз бар. Аяз би болмасқа та, әлімізді біліп, ойлана жүру үшін. Бюджеттің өскені – бақуаттылық белгісі, біздіңше...

● ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТАҒЫМ

## Ақиқатқа айналған арман



Қолжазба жасаған М.Әбішев

Назым ДУТБАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

«Ей, тәкаппар дүние,  
Маған да бір қарашы  
Танисың ба, сен мені,  
Мен – қазақтың баласы!»

Қазақтың дауылпаз ақыны Қасым Аманжоловтың осы өлең жолы «Қазақфильмнің» әйгілі картинасы – «ТрансСібір экспресіндегі» Қасымхан Шадиқұловтың айтуымен ел ішіне кең тарайды. Протогипі Қасымхан Чалышев – өмірде болған адам. Жаркент милициясының бастығы болып жұмыс істеген. Байдың баласы болғаны үшін құдалауға ұшырап, Кеңес өкіметінің алдында ақталуды ойлап, күрделі операцияны

мойнына алыпты. Кейіпкердің қабілетін дәлелдеу жолындағы азаматтық көзқарасынан хабар беретін екі ауыз сөз сол кезеңде ісі қазақтың сана түпкірінде жатқан азаттыққа деген ұмтылыстың үніндей еді. Сондықтан да бұл сөз фильмінің ерекше деталі ретінде халық жадында мықтап сақталды.

КСРО кезінде қазақтың азаттық анасаған үні осы бір деталь мысалындай әр тұстан ақырын ғана естілсе, тәуелсіздік алғанда айтылап, анық шыға бастады. Ұлттық сана жаңғырып, жаңарды, отарсыздану процесі де жүріп жатты. Отыз жылда еліміз көптеген саяси-әлеуметтік, экономикалық, мәдени жетістіктерге жетті.

Ілгері басқан қадамның ылдига түсіп, шатқаяқтаған сәті болған жоқ деп айтсақ әбестік болар. Ондай қилы кезеңнен ел бірлігі арқасында өтіп келе жатқанымыз да өзімізге аян.

Әлемдік гуманитарлық ғылымда «ұлт» деген ұғымның екі түрлі түсіндірмесі бар екен. Біріншісі тарихтағы этностың бір-шама кемелденген шағында эволюциялық жолмен ұлтқа айналу үрдісі деп түсіндірілсе, екіншісі – ұлттың азаматтық мағынадағы түсіндірмесі. Ол негізінен белгілі бір мемлекет азаматтарының саяси-әлеуметтік топтасуы, қауымдастықтың негізгі құндылықтар төңірегінде біртұтас болуы екен.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағыдай емес, ел тұрғындарының санасында екінші түсіндірмедегі құндылықтар қалыптасып, руына, нәсіліне, ұлтына қарамай «бұл – біздің еліміз» деген мемлекетшіл сана көкіректен баяу көтеріліп келе жатқан күн сәулесіндей себезгі тартады. Ендігі тілек – сол сәуле шуаққа айналып, азаттық үні ақырын гана емес, «Танисың ба, сен мені, мен – қазақтың баласы!» деп бағыт әрі нық естілмей!

Тәуелсіздік күнінде әр азамат елдің егемендігін бағалап, кешегіне салауат, бүгінгісіне шүкір айтып, ертеңіне барын салып қамдана, тәуелсіздікке тәу еткеніміз сол болмақ!

● ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕТІСПІ

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Тарихтан тамыр тартсақ, еліміздің дарынды жастарына әлемнің ең үздік университеттерінде білім алуға мүмкіндік беретін «Болашақ» халықаралық стипендиясы 1993 жылы 5 қарашада қабылданды. 1994 жылдан бері «Болашақ» бағдарламасы аясында жыл сайын қазақстандық жастар шетелдің ең озық жоғары оқу орындарында білімін шыңдауға жіберіледі.

«Болашақ» бағдарламасы қолға алынғалы бері 11474 маман дайындалып, 8279 түлек еңбек өтілімі бойынша міндеттемесін орындаған. Бүгінде 1019 жас шетелде оқып жатыр. Олардың арасында қарағандылықтар да бар.

Мәселен, былтырғы дерек бойынша, Қарағанды облысында «Болашақтың» 58 түлегі өз саласында жұмыс істеп жатыр. Олардың 25-і мемлекеттік органдар мен оған қарасты мекемелерде, 29-ы жеке компанияларда, 3-еуі шетелдік компанияларда, ал 1-еуі қоғамдық ұйымда қызмет етуде.

Айта кету керек, Олимпиада чемпионы (London, 2012) және Әлем чемпионы (2005 және 2007) атанған қарағандылық боксшы Серік Сәпиев те «Болашақ» бағдарламасының түлегі. Ол 2014 жылы Ұлыбританияның Брунел университетінде білім алған.

«Болашақ» бағдарламасымен

## Білімді жасқа жол ашқан

Қазақстанның тәуелсіздік шежіресінде «Болашақ» бағдарламасының алар орны ерекше. Егемендік алған жылдардың елен-алаңында «Болашақ» бағдарламасы қолға алынды. 29 жыл ішінде қаншама жас мұхит асып, шетелде білім алды. «Болашақтың» әлі де болашағы зор. Бүгінде бағдарлама арқасында 11 мыңнан аса қазақстандық білім алды. Оның ішінде қарағандылықтар да бар.



білім алып жатқан қарағандылық Рамиз Зұлхарнай 2018 жылы Англияның Бристоль университетіне оқуға түсіп, докторантурада білім алуда.

Рамиздің өзімен хабарласу мүмкіндігі болмаған соң, Қарқаралы ауданында тұратын анасымен тілдескен едік.

– Алақандай ауылдан шығып, әлемнің беделді университеттеріне оқуға түскендер аз. Рамиз – ауыл мектебінің түлегі. Қарқаралы ауданы Жарлы ауылындағы

санаулылардың бірі, – дейді анасы Аймағұл Ақжолтайқызы.

– Рамиз – тәуелсіздікпен түйдей құрдас. Оқу бітірген соң, «Қазақстанға келіп жұмыс істеймін, еліміздің ғылым саласын дамытуға өз үлесімді қосамын» дейді. «Болашақ» бағдарламасы жастардың шетелде білім алуына, тәжірибе жинауына үлкен мүмкіндік береді. Осындай мүмкіндікті пайдалану әр адамның өзінің қарым-қабілетіне байланысты. Мен өзім химиядан сабақ беремін. Балаларымды бұл пәннен өзім оқыттым. Рамиз «сіздің арқандыда химияны жақсы меңгердің» дейді. Ана ретінде баланың, мұғалім ретінде шәкіртінің жеткен жетістігі – мен үшін зор мәртебе, – деп ағынан жарылды ана.

«Болашақ» бағдарламасы осылайша қаншама жастың шырағын жақты. Қазақстандық жастарға берілген мүмкіндіктің арқасында «Болашақ» түлектері елге келіп қызмет атқаруда. Қазір Қазақстанға ең қажетті инженерлік-техникалық және медициналық мамандықтарға баса көңіл бөлінуде. Бір біліміміз, тәуелсіз елдің болашағы – білімді жастар қолында.

Газеттің келесі саны сөйсенбі, 20 желтоқсанда шығады

Біздің сайт: [www.ortalyq.kz](http://www.ortalyq.kz)

Таралымы 6 230

Электрондық пошта: [ortalyk.kz@gmail.com](mailto:ortalyk.kz@gmail.com) [ortalyk.kaz@mail.ru](mailto:ortalyk.kaz@mail.ru)

Жарнама бөлімі: [ortalyk.reklama@mail.ru](mailto:ortalyk.reklama@mail.ru)

Құрылтайшысы: облыс әкімінің МЕНШІК ІЕСІ:  
«Сауатқа аярағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі  
Директор **Қ.Ж. ӘБІЛДА**  
Директордың орынбасары –  
«Индустиальная Караганда» газетінің бас редакторы  
**О.В. МЯГКИХ**  
Директордың орынбасары  
**Г.Ш. ЖҰМАДІЛДИНОВА**  
Бас редактор  
**Е.К. МҰСАБЕК**  
Бас редактордың орынбасары  
**Н.С. ДҰТБАЙ**  
Интернет-редакция редакторы  
**І.Д. МҰҚАЙ**  
Жауапты хатшы  
**Қ.Б. ҒАЛЫМ**

**Телефондар:**  
Бас редактордың қабылдау бөлмесі: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-57-76  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Экономика бөлімі: 43-31-77  
Саясат және құқық бөлімі: 43-30-88  
Білім, ақпарат және спорт бөлімі: 43-49-72  
Әлеумет бөлімі: 43-49-72  
Мәдениет, руханият, әдебиет бөлімі: 43-22-92  
Интернет редакция бөлімі: 43-31-77

Жарнама, факс: 43-21-55; бухгалтерия: 43-49-74;  
Компьютер орталығы: 43-58-08.  
**Меншікті тілшілер:**  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Приозерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Сараң, Шахтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19  
Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

• Редакция 3 компьютерлік беттен асып көлемдегі қолжазбаларды қарамайды.  
• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Суреттер интернеттен, редакция архивінен алынды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген.  
• Қолжазба мен фотосуреттер қайтарылмайды.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК КСВКЗКХ БИН 000840001412  
№140 тапсырыс. Индекс 65484  
Осеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.  
**Бағасы келісім бойынша**  
«Типография Арко» ЖШС  
Баспаханасында басылды.  
**Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.**  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор  
**Сағыныш ӘБІЛ**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № К218VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сөйсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

